

2002 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 шілдедегі N 749 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы жасасуға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

2002 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі - Тараптар) 2002 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы Әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің 11-бабына сәйкес (бұдан әрі - Келісім), төмендегілер туралы келісті:

Келісімнің 7-бабының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жіберуші Тараптың оқып жатқан әскери қызметшілеріне оқу кезеңінде Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес тегін медициналық қамтамасыз ету көрсетіледі".

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Келісімнің 12-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

200 ____ жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде қайшы пікірлер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін Қорғаныс министрлігі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК